

С.С. Исакова^{1*}, **Е.К. Кенесов¹**, **А.С. Исакова²**

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

²Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар мен инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

*e-mail: sabira-i@yandex.ru

ФИТОНИМ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР: САЛҒАСТЫРМАЛЫ АСПЕКТ

Мақалада фитоним фразеологизмдерге салғастырмалы талдау жасалды. Тіл білімінде жаңа парадигманың пайда болуымен фразеологизмдерді лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттану, салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулер шеңберінде қарастырудың маңыздылығы артып отыр. Кез келген тілдің фразеологиялық жүйесі сол тіл сөйлермендерінің дүние бейнесін, ұлттық ділін, ойлау, сөйлеу ерекшеліктерін, бір сөзбен айтқанда, ұлттың концептуалдық жүйесін бейнелейтін мәдени код ретінде танылады. Мақалада фразеология, салғастырмалы фразеология бойынша жазылған ғылыми еңбектерге шолу жасалды. Қазақ, ағылшын, француз фитоним фразеологизмдері үш тілдің лексикографиялық дереккөздерінен жиналды, сандық арақатынасы анықталды, семантикалық және когнитивтік-лингвомәдени талдаулар жасалып салғастырылды. Салғастырмалы талдау нәтижесінде олардың ортақ және айырым белгілері анықталды. Үш тілдегі ортақ белгілерге жалпыадамзаттық әмбебап сипат тән болса, айырым белгілер географиялық жағдай, өмір сүру салты, мәдениетіндегі ерекшеліктермен түсіндірілді. Үш тілге ортақ белгілерге адамның жақсы / жаман қасиеттері, мінез-құлықтары, әрекеттері, сұлулық, жастық шак, қиындықты бейнелейтін фитоним фразеологизмдер жатады. Айырым белгілері қазақ тілінде қарғыс, молшылық / жоқшылық, ағылшын тілінде сәттілік / сәтсіздік, құпиялық, шыдамдылық, француз тілінде ақылдылық, махаббат, өзімшілдік мәнді фитоним фразеологизмдерден көрінеді. Әрбір ұлттың дүниені өзінше қабылдайтыны, қайта жаңғыртатыны және өзіндік дүние бейнесін жасайтыны нақты тілдік материалдарды талдау арқылы дәйектелді.

Мақалада салғастырмалы фразеологияның әдістемесі негізге алынып, талдау, синтездеу, сипаттау, салғастыру әдістері қолданылды.

Түйін сөздер: фразеология, салғастырмалы фразеология, фитоним фразеологизм, дүниенің фразеологиялық бейнесі, когнитивті-лингвомәдени талдау, концептуалдық жүйе.

S.S. Issakova^{1*}, E.K. Kenesov¹, A.S. Issakova²

¹K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

²Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering, Aktau, Kazakhstan

*e-mail: sabira-i@yandex.ru

Phytonymic Phraseological Units: Comparative Aspect

This article provides a comparative analysis of phraseological units of phytonyms. With the advent of a new paradigm in linguistics, the importance of considering phraseological units within the framework of linguocognitive, linguocultural, and comparative studies increases. The phraseological system of any language is recognized as a cultural code that reflects the image of the world, national mentality, features of thinking, speech, in a word, the conceptual system of the nation. The article provides an overview of scientific works on phraseology and comparative phraseology. Kazakh, English, French phraseological units and phytonyms were collected from lexicographic sources of three languages, quantitative relationships were determined, and semantic and cognitive-linguocultural analysis was carried out. As a result of a comparative analysis, their common and distinctive features were identified. While the common features in the three languages were characterized by a universal human character, the distinctive features were explained by geographical location, lifestyle, and cultural characteristics. The common features of the three languages are phytonymic phraseological units reflecting good / bad qualities, behavior, actions, beauty, youth and difficulties. The distinctive features are phytonymic phraseological units reflecting the curse, abundance / lack in the Kazakh language, success / failure in English, secrecy, patience and intelligence, love and selfishness in French. Analysis of specific linguistic materials has proven that each nation perceives the world in its own way, reproduces and creates its own image of the world.

The article uses the methodology of comparative phraseology as a basis, using methods of analysis, synthesis, description, and comparison.

Keywords: phraseology, comparative phraseology, phytonym phraseological unit, phraseological picture of the world, cognitive-linguocultural analysis, conceptual system.

С.С. Исакова^{1*}, Е.К. Кенесов¹, А.С. Исакова²

¹Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан

²Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан

*e-mail: sabira-i@yandex.ru

Фитонимические фразеологизмы: сопоставительный аспект

В данной статье проведен сопоставительный анализ фразеологизмов фитонимов. С появлением новой парадигмы в лингвистике возрастает важность рассмотрения фразеологизмов в рамках лингвокогнитивных, лингвокультурологических, сравнительно-сопоставительных исследований. Фразеологическая система любого языка признается культурным кодом, отражающим образ мира, национальную ментальность, особенности мышления, речи, словом, концептуальную систему нации. В статье представлен обзор научных трудов по фразеологии, сопоставительной фразеологии. Из лексикографических источников трех языков собраны казахские, английские, французские фразеологизмы фитонимы, определены количественные соотношения, проведен семантический и когнитивно-лингвокультурный анализ. В результате сопоставительного анализа были выявлены их общие и отличительные черты. В то время как общие черты в трех языках характеризовались универсальным общечеловеческим характером, отличительные черты объяснялись географическим положением, образом жизни, особенностями культуры. Общими чертами трёх языков являются фитонимические фразеологизмы, отражающие хорошие / плохие качества, поведение, действия, красоту, молодость и трудности. Отличительными чертами являются фитонимические фразеологизмы, отражающие проклятие, изобилие / недостаток в казахском языке, успех / неудачу в английском языке, скрытность, терпение и интеллект, любовь и эгоизм во французском языке. Анализ конкретных языковых материалов доказал, что каждая нация воспринимает мир по-своему, воспроизводит и создает свой собственный образ мира.

В статье за основу взята методика сопоставительной фразеологии, использованы методы анализа, синтеза, описания, сопоставления.

Ключевые слова: фразеология, сопоставительная фразеология, фитоним фразеологизм, фразеологическая картина мира, когнитивно-лингвокультурный анализ, концептуальная система.

Кіріспе

Кез келген тілдің лексикалық жүйесінде фразеологиялық бірліктер кездеседі. Зерттеуші К.К. Дүйсекова салғастырмалы фразеологияны зерттеу формадан мазмұнға ауысты (Дүйсекова, 2020) деп тұжырымдайды, ғалымның пікірін қолдай отырып, тіл біліміндегі антропоэлектік парадигма аясында пайда болған когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану фразеологияны зерттеуге жаңа көзқарастар мен зерттеу әдістерін дамытты. Құрылымдық-жүйелілік парадигмада фразеологизмдер жасалу тәсілдері, топтастырылуы, мағынасы жағынан зерттелген болса, бүгінгі таңда кез келген тілдің фразеологиялық жүйесі сол тіл сөйлермендерінің дүние бейнесін, ұлттық ділін, ойлау, сөйлеу ерекшеліктерін, бір сөзбен айтқанда, ұлттың концептуалдық жүйесін бейнелейтін мәдени код ретінде зерттеуді қажет етіп отыр. Мұндай бағыттағы зерттеулердің саны күн сайын артып келеді. Тіл сөйлермендері туралы толық түсінік, толыққанды ақпарат, мәлімет осы тілдің фразеологиялық бірліктерінде көрінеді, өйткені оларда халықтың тарихы, тұрмысы және дүниетанымы бейнеленеді.

Кез келген тілдің лексикалық және фразеологиялық бірліктері тек тілдік ақпараттың тасымалдаушысы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық болмыстың, этностың материалдық және рухани мәдениетінің фактілерін бейнелейді. Лингвомәдениеттану тұрғысынан тілдік материалдарды зерттеу белгілі бір халықтың қоршаған әлемнің бір бөлшегі туралы білімі мен түсінігін қайта құруға, қоршаған шындық дүние тілде қалай бейнеленетінін, көрініс табатынын зерделеуге мүмкіндік береді.

Дүние жүзінде қанша тіл болса, оның әрбіріне тән қайталанбас дүние бейнесі, дүниенің ерекше фразеологиялық бейнесі болатыны анық. Әр тіл әлемді өзінше таниды, оны концептуалдаудың өзіндік тәсілі бар. Әр этностың қоршаған дүние туралы, басқа мәдениеттің өкілдері туралы өзіндік пікірлері мен көзқарастары бар (Issakova et al, 2023). Дүниенің фразеологиялық бейнесін салғастырмалы аспектіде зерттейтін саланы контрастивті немесе салғастырмалы фразеология деп атайды. Отандық тіл білімінде осы сұраққа назар аударған ғалымдардың бірі – қазақ және француз тілдерінің фразеологиялық бірліктерін салғастырып зерттеген К.К. Дүйсекова. Ғалым салғастырмалы фразеологияны

былай анықтайды: «Контрастивті фразеология туыстық деңгейіне қарамастан екі немесе одан да көп тілдердің фразеологиялық қорының арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтау мақсатында салғастырады» (Дуйсекова, 2020). Зерттеушінің пікірі бойынша когнитивті бағыттағы контрастивті фразеология адамның санасы қалай ұйымдасқан, шындық дүниені фразеологиялық бірліктер арқылы қалай бейнелейді, әр түрлі мәдениет өкілдерінің дүниетанымындағы ерекшеліктердің сыры неде, олар фразеологиялық дүние бейнесінде қалай көрінеді деген сұрақтарға жауап береді. Демек, контрастивті фразеология аталған сұрақтарға жауап беру үшін когнитивті лингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдарының теориясы мен әдіснамасын басшылыққа алады.

Дүние, әлем мен адам болмысының тілдік көрінісі көптеген құрамдас бөліктерге ие, олардың бірі фитоним лексика болып табылады. Бұл зерттеуде қазақ, ағылшын және француз фитоним фразеологизмдерді салғастырмалы талдау ұсынылады. Құрылысы әр түрлі үш тілдің фитоним фразеологизмдерін салғастырмалы зерттеу жалпыадамзаттық ортақ құндылықтар мен үш ұлттың қайталанбас фразеологиялық дүние бейнесін анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Фитоним фразеологизмдерді салғастырмалы талдау мақсатында тілдік материал ретінде сөздіктерден (Кеңесбаев, 2007; Қалиев, 2012; Кеңесбаева, 2010; Herderson, 2002; Смирнова, 2003; Rey, 1991) жиналған қазақ (70), ағылшын (55) және француз (65) тұрақты тіркестер алынды. Ғылыми мақаланың теориялық негіздері шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбегіне сүйенді. Үш тілдегі фитоним фразеологизмдерді салғастырмалы талдау К.К. Дуйсекова (2020) ұсынған әдістеме бойынша жасалды.

Әдебиеттерге шолу

Алғаш рет “phraseologie” термині (грек. phrasis, phraseos – сөз тіркесі және logos – сөз, ілім) Шарль Баллимен енгізілді. Ол фразеологияны жеке пән ретінде емес, стилистиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады (Балли, 1962).

Ағылшын лингвистикалық әдебиеттерде фразеология теориясына арнайы жазылған А. Маккай өзінің “Idiom structure in English”

(Makkai, 1972) еңбегінде диалекті мәселелерін, идиома туралы ойлар, тілге стратификациялық көзқарас, ағылшын тілі идиомасының екі саласы, идиомалық талдаулардың типологиясы, фразалық құрамды идиомалар, етістікті идиомалар, идиомалардың жіктелуі туралы сұрақтарды қарастырады.

В.Н. Телия фразеология тарихы отандық тіл білімінде лингвистикалық пән ретінде М.В. Ломоносов еңбектерінде көтерілгенін жазады, өйткені ол «фразалар», «идиомалар» және «тұрақты сөз тіркестерінің» сөзге жақындығын айтты (Телия, 1996). Я.И. Рецкер фразеологияға өз еңбегінде үлкен тарауды арнайды, аудармашы фразеология теориясының негізгі мәселелерін өз бетінше түсініп, олардың мәндерін қарастырып, аудармадағы экспрессивті-стилистикалық функцияларды бере білуі тиіс екенін атап өтті (Рецкер, 2006).

Фразеология екінші атау берудің танбалары ретінде, атап айтқанда, екінші аталымның ерекше түрінің өнімі ретінде – жанама, қайта ойлау және бастапқы комбинацияның немесе жеке сөздің жаңа мағынасын қалыптастыру үдерістеріндегі сөз-компоненттердің әр түрлі синтагматикалық өзара әрекеттесуінен пайда болған фразеологизмдердің ерекшелігін зерттейді (Ярцева, 1990).

Фразеология сондай-ақ фразеологизмдердің танбалық функциясының ерекшеліктерін, олардың мәнін, фразеологиялықтың негізгі белгілерінде көрінетін құрылымдық-семантикалық ерекшелігін зерделейді, фразеологизмдердің лексикалық компоненттерінің табиғатын, олардың синтаксистік және морфологиялық құрылымын, тілдің басқа бірліктерімен синтаксистік байланыстардың сипатын және сөйлеуде жүзеге асыру нысандарын, фразеологизмнің еркін аналогтары үшін мүмкін модификациялардағы шектеулердің табиғатын зерттейді (Ярцева, 1990).

Фразеологизмдерді салыстырмалы-типологиялық зерттеуге (Ю.Ю. Авалиани, А.Д. Райхштейн,), тұрақы тіркестерді жаңа әдістерін әзірлеуге (М.М. Копыленко, З.Д. Попов), фразатүзілу үдерістерін олардың функционалдық аспектісінде (С.Г. Гаврин, Ю.А. Гвоздарев) немесе номинативті тұрғыда (В.Г. Галик, В.Н. Телия) зерттеуге ерекше көңіл бөлінді. Фразеологизмдер теориясы шетелдік (Р. Гиббс, Дж. Лакофф, М. Джонсон, Ш. Балли, А.А. Потеня, В.В. Виноградов, А.В. Кунин, И.И. Срезневский, А.А. Шахматов, Н.М. Шанский, Ф.Ф. Фортун-

натов т.б.), отандық (І. Кеңесбаев, К. Аханов, Ә. Болғанбаев, Ә. Қайдар, М.М. Копыленко, Г. Смагулова т.б.) зерттеушілер қарастырды. Құрылысы әр түрлі тілдердегі фразеологиялық тіркестерді салғастырмалы аспектіде зерттеген Э.Д. Сулейменова, М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, С.Е. Исабеков, К.К. Дүйсекова, А. Ислам, С.К. Сатенова, М.Р. Сабитова, М.А. Жаксыбаева, Р.Е. Валиханова, М.А. Сыздыкова, А.К. Мырзашова, Ш.Ә. Құрманбаева т.б. атауға болады.

Нәтижелер мен талқылау

Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, адамның ойлауы мен санасын, дүниеге көзқарасын қалыптастыратын күрделі үдеріс. Мәдениет тіл арқылы қалыптасады, дамиды, жүйеленеді. Әрбір халықтың мәдени ерекшелігі оның тілінен көрініс табады (Исакова, 2015). Қазақ, ағылшын және француз тілдеріндегі фитоним компонентті фразеологизмдерді салғастырмалы талдау мәселесі өзінің өзектілігімен ерекшеленеді. Құрылысы әр түрлі тілдердің фразеологиялық қорын салғастырмалы аспектіде зерттеу соңғы жылдары ғалымдар тарапынан үлкен қызығу-

шылық танытып отырғаны белгілі. Өйткені тілді тіл сөйлерменінің дүниетанымы, ділі, мәдениеті тұрғысынан қарастыру бірқатар маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Салғастырылып отырған қай тілді алсақ та фразеологиялық қордың байлығымен ерекшеленеді. Біз зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне сай қазақ тілінен 70-ке жуық фитоним компонентті тұрақты тіркестерді, ағылшын тілінен 55-ке жуық өсімдік атауы қатысқан фразеологизмдерді, француз тілінен гүлге және оның түрлеріне қатысты фразеологизмдердің 65 бірлігін сөздіктерден жинап, оларға жеке-жеке талдау жасадық. Ендігі мақсат – құрылысы әр түрлі аталған үш тілдегі фитоним фразеологизмдерді салғастыра талдау.

Үш тілге де ортақ, яғни үш тілде де бірдей фитоним қатысу арқылы жасалған тұрақты тіркестерден 6 өсімдік атауы анықталды. Олар: *Гүл* (4) / *flower* (3) / *fleur* (7); *Паушангүл* (1) / *rose* (13) / *rose* (6); *Шөңге/мікенек* (5) / *thorn* (5) / *epine* (2); *Алма* (3) / *apple* (3) / *potte* (8); *Ағаш* (6) / *tree* (4) / *arbre* (3); *Бұршақ* (1) / *peas* (1) / *pois* (3).

Ағылшын және француз тілдерінің фразеологизмдерін жасауға қатысқан ортақ фитонимдерді төмендегі кестеде көрсетеміз (1-кесте):

1-кесте – Ағылшын және француз тілдерінің фразеологизмдерін жасауға қатысқан ортақ фитонимдер

Р/с	Ортақ өсімдік атауы	Ағылшын тілі	Француз тілі
1.	Potato (4)/ pommes de terre (1) (картофель)	<i>Hold one's potato</i> (амер.ауызекі.көне.) – шыдамдылық таныту, алаңдамау, қызбалық танытпау. <i>A hot potato</i> (ауызекі.) – жағымсыз сұрақ. <i>Not (quite) the clean potato</i> (жарг.) – 1) күмәнді тұлға, адамгершілігі жоқ, пасық адам; 2) жаман қылық, пасық іс-әрекет. <i>Small potatoes</i> – 1) ұсақ-түйек, болмашы, түкке тұрмайтын, назарға алынбайтын; 2) ақша салынған шағын сөмке, ұсақ-түйек; 3) майда, ұсақ адамдар.	<i>C'est un sac de pommes de terre</i> (толық, семіз әйел)
2.	Cabbage(1)/ chou(4) (қырыққабат)	<i>My cabbage</i> – қымбаттым, күнім.	<i>Rentrer dans le chou à qn</i> (біреуге тұра ұмтылу, ұрып жіберу); <i>Planter ses choux</i> (жұмыстан қашу, өз ісін істеу); <i>Travailler du chou</i> (есінен адасу, есінен тану, не істегенін білмеу); <i>Naître sous un chou</i> (қарапайым отбасынан шығу).

Ағылшын және қазақ фразеологизмдерін жа-
сауға қатысатын ортақ фитонимдерден екі өсім-
дік атауы анықталды: *Grass* (1) / *шөп*(5) және
Onion (1) / *жуа* (1). Француз тілі фразеологизм-
дерінің құрамында ғана кездескен фитонимдерге
violette (шегіргүл-фиалка), *marguerite* (түймедақ-
ромашка), *pion* (пион), *clochette/ campanule/* (қо-
ңыраугүл-колокольчик) жатады. Ағылшын тілі
фразеологизмдерінің құрамында ғана кездескен
фитонимдерге *bean* (бұршақ-боб), *fruit* (жеміс-ф-
рукт), *lemon* (лимон) атауға болады. Қазақ тілі
фразеологизмдерінің құрамында ғана кездескен
фитонимдердің саны ағылшын және француз
тілдерімен салыстырғанда көп екені анықталды.
Төменде кесте түрінде ұсынамыз (2-кесте):

2-кесте – Қазақ тілі фразеологизмдерінің құрамында ғана
кездескен фитонимдер

Қазақ тілі	Бұтақ
	Кекіре
	Шөп, от, көк
	Бәйтерек
	Бидай
	Қамыс
	Ырғай
	Жауқазын
	Шыбық
	Желек
	Қаңбақ
	Сарымсақ
	Жапырақ
	Ебелек
	Меңдуана
	Шие
	Егін
	Тал
	Тамыр

Фитоним фразеологизмдердің пайда болуы-
на ықпал еткен фактор діннің әсері деп айтуға
болады. Салғастырылып отырған үш тілдің ішін-
де ағылшын тіліне Киелі кітаптың ықпалы зор
болғанын байқау қиын емес. Оған мысал ретінде
ағылшын тілінде күні бүгінге дейін қалыптасып,
әбден тұрақталған *apple of discord* – *шатақ ту-
дырушы ілік*, *the apple of Sodom* – *әдемі, бірақ
шірік жеміс*; *бір нәрсе дәмелендірген ләззат*,

бірақ түңіліп, көңілі қалатын нәрсе, *forbidden
fruit* – *қол жетпес жеміс* сияқты фразеологизм-
дерін атауға болады. Француз тілінде де Киелі
кітапты аударумен байланысты туған фитоним
фразеологизмдер ағылшын тіліне ұқсас болып
келеді. Мысалы, *potte d'Adam* – *Адам алма-
сы*, *potte de Chine* – *жұмақ алмасы*, *le fruit de
l'arbre de vie* – *жамандық пен жақсылықты әке-
летін өмір ағашының жемісі*, *адамға жақсылық
пен жамандықтың дәмін таттыратын жеміске
жоламауын сұраған*. Қазақ тілінен мұндай фито-
ним фразеологизмдер кездестіре алмадық. Десе
де дінге байланысты *құдайдан мойнына бұршақ
салып сұрап [тілеп] алды / Құдайдан тілеп [сұ-
рап] алды* (Кеңесбаев, 2007) деген бір тұрақты
тіркес кездесті. Осындай мағынада жұмсалатын
фразеологизм ағылшын тілінде бар екені анық-
талды: *as) welcome as (the) flowers in May* – *асыға
күткен; аңсап күткен; зарыға күткен; көп күт-
тірген; көптен күткен*. Француз тілінде тілеу,
аңсау, зарыға күту мағынасын білдіретін фито-
ним компонентті фразеологизмдер кездеспеді.

Зерттеліп отырған үш тілде де адамның жақ-
сы/жаман қасиеттерін, мінезін, теріс қылықта-
рын сипаттайтын фразеологизмдер көп кезде-
седі. Мысалы, ағылшын тілінде *small potatoes*
– 1) *ұсақ-түйек, болмашы, түкке тұрмайтын,
назарға алынбайтын*; 2) *ақша салынған ша-
ғын сөмке, ұсақ-түйек*; 3) *майда, ұсақ адамдар*;
(as) green as grass – 1) *шөп сияқты көк*; 2) *өте
тәжірибесіз, өмірлік тәжірибесі жоқ адам*;
give somebody beans (жарғ.) – 1) *біреуді қати-
гез өлтіру*; 2) *біреуге жамандық жасау, дене
мүшелері ауыру*; *Spill the beans (ауызекі.)* – *құ-
пияны ашып қою, айтып қою*; *Hand somebody
a lemon (ауызекі.)* – *біреуді алдау*; *Be off one's
onion (жарғ.)* – *есінен адасу, алжасу*; *Hold one's
potato (амер.ауызекі.көне.)* – *шыдамдылық та-
ныту, алаңдамау, қызбалық танытпау*; *Pull
up trees* – *көп нәрсеге қол жеткізу, көп нәрсеге
қабілетті болу*. Қазақ тілінде адамның жақсы-
жаман қасиеттері, қабілеті, мінезін бейнелейтін
12 тұрақты тіркестің 4-еуі жағымды қасиеттерді,
қалған 8-і жағымсыз мінез-құлықты бейнелейді.
Мысалы, *Ағаш мәуе бітсе бәсең-бәсең* тұрақты
тіркесі басына бақ қонған, дәрежесі асқан адам,
ізгі ниетті, қарапайым болуы керекдеген мағы-
наны білдіреді. *Ағаштан түйін [түйме] түйеді*
фразеологизмі он саусағынан өнер тамған, аса
шебер адам туралы айтылады. *Құрайдың басын
сындырмады* тұрақты тіркесі еш нәрсе істемей
отыру мағынасын білдірсе, *орнына қуыс [жал-
ғыз] құрай және ағаш белсенді* қолынан ештеңе

келмейді, бары да, жоғы да бір деген мағынада қолданылатын тұрақты тіркестер. *Қара байдай қаныпезер [сараң]* фразеологизмі қатыгез, тоғышар адамды бейнелейді. Француз тілінде адамның мінез-құлқы мен жақсы/жаман әрекеттерін бейнелейтін фразеологизмдер көп. Мысалы, *avoir les nerfs a fleur de peau* (ызалы болу, жүйкесі жұқару, мазасыздану, күйзеліске түсу); *a fleur de peau* (жеңіл-желпі, үстіртін, болмашы ақымақтық); *fleur de tourte* (барып тұрған ақымақтық, ақымақтық); *envoyer sous les fleurs* (өлтіру, біреуді өлтіру, о дүниеге аттандыру); *couvrir de fleurs* (біреуді асыра мақтау, мақтау өлең, мақтау сөз); *envoyer sur les roses* (жер жебіріне жетіп, қуып шығу); *pli de rose* (бір қарын майды бір құмалақ шірітеді, күнге түскен дақ, жағымсыздық, жайсыздық); *envoyer dans les roses* (жолдан тайдыру, адастыру, біреудің көңілін қалдыру); *c'est la plus belle rose de son chapeau* (бұл оның ең жақсы қасиеті, артықшылығы, адам туралы жақсы мағынада айтылады); *qui seme les epines, recueille les chardons* (кім жамандық жасаса, оған жақсылық күтуге болмайды; көзге түскен ақ, тікенек, үнемі алаңдау мен мазасыздықтың көзі, қиын немесе жағымсыз жағдай); *fagot d'epines* (сыйымсыз адам; ашушаң; ұрысқак; шадыр мінезді; шарқая, жамандық); *effleurer la marguerite* (қандай да бір істі сәтті аяқтау, жерге сәтті қону); *les doigts de pied en bouquet de violettes* (ләззат сезімінде болу, рақат, жолы болу); *faire sa violette* (қарапайым болып көріну, қарапайымдылық).

Қазақ, француз, ағылшын тілдеріндегі фитоним компонентті фразеологизмдерге тән ортақ сипат бұл сұлулық бейнесінің берілуінен көрінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі *алма мойын*, *аршын төс* / *аршын төс*, *алма мойын* – әдемі, ат сағак, үзілме сұлу мойын; *аршыған жұмыртқадай [жауқазындай]* аппақ, ақ торғын; *бидай өңді* – ақ құба, ажарлы; *гүл[-дей]* жайнады / *гүл-гүл жайнады* – құлпырды, әдеміленді.

Француз тілінде *beau comme en fleur* – әдемі, көз жауын алатын сұлулық; *belle comme une fleur* – гүл сияқты әдемі, сұлу, әсем; *fleur du teint* – беттің, өңнің жастығы, балғындығы; *fleur des pois* – 1) керемет, асқан әдемілік; 2) кербез, би-паз, сәнқой; 3) жылтырақ, көркемдік; *fine fleur* – жастардың ең мықты өкілі (бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Францияда өлген жастар туралы айтылады, мағынасы: уақытша, нәзіктік, әсемдік, сұлулық, сыпайылық, сезімді білдіру, дүниенің байланысы); *elle a un teint de lis et de rose* – екі бетінен қан тамған, әдемілік, сұлулық туралы. Адамның сұлулығын бейнелейтін фи-

тоним фразеологизмдер үш тілде де гүлдің нәзіктігі, хош иісімен, бидай мен алманың қызыл түсімен салыстырыла отырып жасалған.

Зерттеу нысанына алынған тілдерге тән ортақ сипаттардың біріне жастық/кәрілік мағынасын бейнелейтін фразеологизмдер жатады. Мысалы, қазақ тілінде *балы тамған жас қамыс* – бұл жерде ақын өте нәзік, жетілмеген, жаңа желкілдеп өсіп келе жатқан жасты айтады; *желегі желкілдеді* – көбіне жаңа түскен келінге қатысты айтылады.

Ағылшын тілінде жастық мағынасын білдіретін фразеологизмдер: *(as) green as grass* – 1) шөп сияқты көк; 2) өте тәжірибесіз, өмірлік тәжірибесі жоқ; *in the flower of life* – қылшылдаған жас кезінде; *bring back the roses to her cheeks* – бетіне қан жүгірту. Француз тілінде жастық мағынасын білдіретін фитоним фразеологизмдерге мыналар жатады: *être dans la fleur de sa jeunesse* – күш-қайраты үстінде болу, жас кездегі күш туралы айтылады; *fleur du teint* – беттің, өңнің жастығы, балғындығы. Жастық мағынасын бейнелейтін фразеологизмдер қазақ тілінде жас қамыс, жас жауқазын, жас желекпен, көк шөппен ассоциацияланса, ағылшын тілінде көк шөп, гүл, раушангүлімен бейнеленеді, француз тілінде гүлмен адамның жас шағын теңестіреді. Қарастырылып отырған құрылысы әр түрлі үш тілде де жастық көк шөпен, өсіп келе жатқан гүлмен бейнеленетіні анықталды.

Зерттеу нысанына алынған тілдерге тән ортақ және айырма белгілердің біріне кәрілік мағынасын бейнелейтін фразеологизмдер жатады. Мысалы, қазақ тілінде жиналған фитоним фразеологизмдердің ішінен бір бірлік адамның кәрілігін бейнелейтіні анықталды. Оған мысал ретінде *кәрі шөңге* – көпті көрген, көнекөзді, айла-шарғысы мол деген мағынадағы тұрақты тіркесті жатқызамыз. Француз тілінде аталған белгі бойынша бір бірлік анықталды. Мысалы, *avoir des marguerites dans le cresson* – шашы ағару, ақ шашты болу деген мағынадағы тұрақты тіркес кездесті. Ал осы кәрілік семантикасын білдіретін фитоним фразеологизм ағылшын тілінен жиналған тұрақты тіркестер арасынан кездеспеді. Бұл ағылшын тілінде кәрілікке қатысты фразеологизм жоқ дегенді білдірмейді, біз зерттеу материалына жинақтаған тұрақты тіркестердің ішінен кездеспеді дегенді айтқымыз келіп отыр.

Үш тілде де жағымды мағына білдіретін фитоним фразеологизмдер көп кездеседі. Мысалы, француз тілінде: *humeur de rose* – керемет көңіл-күй; *serait des roses* – бұл барынша жақсы болар

еді; *etre frais comme une rose* – демалған, шаршағаны басылған болып көріну; *voir tout couleur de rose* – барлығын алқызыл түсте көру; *elle a un teint de lis et de rose* – екі бетінен қан тамған, әдемілік, сұлулық туралы; *c'est la plus belle rose de son chapeau* – бұл оның ең жақсы қасиеті, артықшылығы, адам туралы жақсы мағынада айтылады; *etre dans ses roses* – жақсы көңіл-күйде болу. Қазақ тілінде: *ағаш мәуе бітсе бөсең-бөсең* – ұлық болсаң, кішік бол; *ағаштан бал, шөптен сүт ағылды* – баршылық, молшылық; *ағаштан түйін [түйме] түйеді* – өте шебер; қой аузынан шөп алмайды – момын; жуас адам. Ағылшын тілінде: *In the flower of life* – қылшылдаған жас кезінде. *The tree of life* (кітаби.) – өмір ағашы. *Hold one's potato* (амер.ауызекі.көне.) – шыдамдылық таныту, алаңдамау, қызбалық танытпау. *Bring back the roses to her cheeks* – бетіне қан жүгірту. *Pull up trees* – көп нәрсеге қол жеткізу, көп нәрсеге қабілетті болу. *Shake the tree when the fruit is ripe* (мақал) – «ағашты жемісі піскенде, сілкі», демек әр нәрсені уақытында жасау, темірді қызған кезінде соқ. *Come up roses* – өте сәтті болу, сәтті орналасу. *Gather life's roses* – гүлді ықыласпен жюлу. *My cabbage* – қымбаттым, күнім (Кунин, 1967).

Жағымсыз мағынада қолданылатын фитоним фразеологизмдер де аз емес. Мысалы, қазақ тілінде: *бір тарының қауызына сыйғызды* – әбден қинап, қиыншылыққа салды, қысты. *Жапырақтай солды* – қайғымен шөкті. Бір жапырақ – *Азғантай, зәредей, бір жұлым. Биті торғайдай, мойны ырғайдай – жадап-жүдеп, азып – тозды*. Көк орды *Жастай қыршынынан қиды, өмірден ерте алды*. Көк сабан болды *Дән алмады, басына түк шықпады*. Көктей кетейін! Қ а р ғ ы с – ант. «*Жастай өлейін осыны істесем*» деген мағынада. Көктей солды *Қыршынынан қылды, дүниеден ерте (жастай) кетті*. Көктеп өтті *Кесіп өтті, тура тартып өтті*. Гүлдей солды – *Жан азабын шекті, сары уайымға салынды*. Гүлі солды [қурады] – *Өмірі таусылды, бітті*. Қара байдай қаныпезер [сараң] – *Мейірімі жоқ, сараң адам туралы айтылады*. Тіліңе теріскен [шиқан, күйдіргі, теміреткі] шықсын! / тіліңе тікенек кірсін! [шоқ түссін!] қ а р ғ ы с. *Тілі ащы кісіге айтылады*. Француз тілінде: *envoyer sur les roses* – жер жебіріне жетіп, қуып шығу; *être sur les roses* – қиын жағдайда болу; өмірлік қиындықтар; *envoyer dans les roses* – жолдан тайдыру, адастыру, біреудің көңілін қалдыру. Ағылшын тілінде: *A hot potato* (ауызекі.) – жағымсыз сұрақ. *Not (quite) the clean potato* (жарг.)

– 1) күмәнді тұлға, адамгершілігі жоқ, пасық адам. 2) жаман қылық, пасық іс-әрекет. *Small potatoes* – 1) ұсақ-түйек, болмашы, түкке тұрмайтын, назарға алынбайтын. 2) ақша салынған шағын сөмке, ұсақ-түйек. 3) майда, ұсақ адамдар. *Apple of discord* – шатақ тудырушы ілік. *The apple of Sodom* – әдемі, бірақ шірік жеміс; бір нәрсе дәмелендірген ләззат, бірақ түңіліп, көңілі қалатын нәрсе. *In the flower of life* – қылшылдаған жас кезінде. *Get beans* (жарг.) – жазалану, айыпталу. *Give somebody beans* (жарг.) – 1) біреуді қатігез өлтіру. 2) біреуге жамандық жасау, дене мүшелері ауыру. *Spill the beans* (ауызекі.) – құпияны ашып қою, айтып қою. *Hand somebody a lemon* (ауызекі.) – біреуді алдау. *Be off one's onion* (жарг.) – есінен адасу, алжасу

Салғастырылып отырған үш тілде де тікенек/ thorn/epine фитонимі қиындық, қиналу, жағымсыз нәрсе деген мағынаны білдіру үшін қолданылады. Мысалы, ағылшын тілінде: *bed of thorns* – ыңғайсыз, қиын жағдай; *there's no rose without a thorn* – тікенексіз раушан гүлі жоқ; *to thorn in one's flesh* – көзге түскен ақ, қиындықтың бастауы; *to thorn in someone's side* – қиындық, үнемі кездесетін күйзеліс (Richard, 1998). Француз тілінде: *marcher sur des epines* (*marcher sur des neমেসে les epines*) – өте қиын, ауыр тапсырманы орындау. Тікенек, шөңге сөздері барлық идиомаларда – көзге түскен ақ, тікенек, үнемі алаңдау мен мазасыздықтың белгісі, қиын немесе жағымсыз жағдай деген мағыналарды береді: *etre sur des epines* – инеде отырғандай болу, тыныштық таппау, байыз таппау, жай таппау; *avoir une epine au pied* – ыңғайсыздық сезіну, тыныштық таппау; *qui seme les epines, recueille les chardons* – кім жамандық жасаса, оған жақсылық күтуге болмайды; Epine/шөңге/тікенек атаулары қатысқан фразеологизмдердің барлығы дерлік тікенек пен шөңге денеге кіргендегі ауырсыну, қиындықпен ассоциацияланатын болса, одан құтылу, оны алып тастау жеңілденуді, қиындықтан құтылғанды білдіреді, осы жеңілдік француз фразеологизмдерінен көрініс тапқан. Мысалы: *avoir une epine hors du pied* – жағымсыз бір нәрседен құтылу; *tirer [enlever] a qn une epine du pied* – біреуді қиындықтан шығару, құтқару. Француз және ағылшын лингвомәдениетінде ауыр күйзеліс пен қиналыстың белгісі ретінде тікенекті тәж – *la couronne d'epines/crown of thorns* алынады, яғни бұл тәж өткір тікенектерден тоқылып жасалады. Ерте кездерде қылмыскердің басына келемеждеу мақсатымен оны өлімге апара жатқанда кигізетін болған, ал керісінше жеңімпаз адамға

лавр жапырағынан жасалған тәж кигізетін болған. Христос бейнесін тікенекті тәжбен бейнелеген суретшілердің көптеген суреттері кездеседі. Тікенекті тәж ауыр қылмыстың, қиыншылық пен күйзелістің белгісі болған. Қазақ тілінде: Тіліңе тікенек кірсін! [шоқ түссін!] қ а р ғ ы с. *Тілі ащы кісіге айтылады. Көрі шөңге – көпті көрген, көнекөзді, айла-шарғысы мол.* Салғастырылып отырған үш тілде де тікенек фитонимі жағымсыз мағынамен ассоциацияланады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ / ағылшын / француз тілінің фразеологиялық қорындағы фитоним компонентті тұрақты тіркестерді салғастырмалы талдау төмендегідей қорытынды жасауға әкелді:

Салғастырылып отырған тілдердің фразеологиялық қоры байлығымен ерекшеленеді. Біз зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне сай қазақ тіліне 70-ке жуық фитоним компонентті тұрақты тіркесті, ағылшын тілінен 55-ке жуық өсімдік атауы қатысқан фразеологизмді, француз тілінен гүлге және оның түрлеріне қатысты фразеологизмдердің 65 бірлігін сөздіктерден жинап, оларға жеке-жеке талдау жасадық және құрылысы әр түрлі үш тілдегі фитоним фразеологизмдерді салғастыра талдадық.

Ең біріншіден, біз зерттеу жұмысымызда қазақ / ағылшын / француз фразеологиялық қорында тек гүлге және олардың түрлеріне қатысты тұрақты тіркестер көп екенін айта кеткіміз келеді. Осы орайда француз тілі басымдық танытады. Ең көп қолданылатын фитонимдерге flower / fleur / гүл компоненті қатысқан тұрақты тіркестер барлық гүлдердің жалпы атауы ретінде жиі қолданылады. Rose / rose / раушангүл үш лингвомәдениетте де ең танымал гүл ретінде жағымды мағыналарда қолданысы басымдық көрсетеді, осы тұрғыдан қазақ тілінде бір ғана тұрақты тіркес кездесетінін, француз тілінде 18 бірлік жағымды және жағымсыз мағыналарымен қолданылады, ағылшын тілінде 13 бірлік кездесті. Француз тілінде раушангүл компонентті фразеологизмдердің сан жағынан көп болуын ең алдымен, діни наным-сенімдер (католиктер Әулие Марияны раушангүлге теңеген, раушангүлдің хош иісін күнәні кешіру символы деп түсінген) мен адамдар арасындағы қарым-қатынаспен (раушангүл махаббат, құштарлық, нәзіктік, тазалық, пәктік символы ретінде танылған) түсіндіруге болады. Ағылшын тіліндегі раушангүліне қатысты фитоним фразео-

логизмдердің көп кездесуінің екі негізін атауға болады: біріншіден, саяси-әлеуметтік символ (ағылшын тарихында раушангүл неке, билік, әлеуметтік өзгерістер, бақталастық, одақ, күш символы болып саналған), екіншіден, ақ раушангүл ағылшындар үшін тазалық және пәктік сезімді бейнелесе, қызыл раушангүл махаббат пен құштарлықты білдіреді.

Қазақ / ағылшын / француз тілдерінде ерiне / thorn / тікенек қиындықтың, күйзелістің символы ретінде бейнеленетінін тілдік материалдар дәлелдеді. Кейбір фитонимдер фразеологиялық бірліктерде өсімдіктің түсін, көлемін, ерекше белгісін бейнелейді. Фитоним flower / fleur / гүл қарама-қарсы мағыналарды білдіру үшін қолданылады: Сұлулық, әдемілік, балғындық ≠ ақымақтық, ашуланшақтық, күйгелектік; жаңару, туылу, жаңғыру ≠ өлу, солу, өшу; сәттілік / сәтсіздік; молшылық / жоқшылық. Фитоним rose / раушангүл француз лингвомәдениетінде күннің, жұлдыздардың, сұлулық пен махаббаттың құдайы символын бейнелейді. Раушангүлдің символдық мағынасы әдемілікті, әсемдікті, қуанышты, жалынды, мақтану сезімдерін, ақылдылықты бейнелеу үш тілден де байқалады. Ерiне / тікенек, шөңге сөздері барлық идиомаларда – көзге түскен ақ, тікенек, үнемі алаңдау мен мазасыздықтың белгісі, қиын немесе жағымсыз жағдай деген мағыналарды береді. Фитоним narciss / нәркес гүлі бір жағынан, өзімшілдікті, тоғышарлықты, өлімді бейнелесе, екінші жағынан, көктемді, үмітті, жаңаруды бейнелейді. Marguerite / түймедақ гүлі өмірдің жаңаруын білдіретін көктемгі гүл ретінде бейнеленеді.

Сонымен, қазақ тіліндегі фитоним компонентті фразеологизмдер адамдар арасындағы қарым-қатынасты, адамның жақсы / жаман қасиеттерін, мінез-құлықтарын, әрекеттерін, молшылық / жоқшылықты, адамның сұлулығын, жастық / кәрілікті, қиындықты, қарғыс мағыналарын бейнелесе, ағылшын тіліндегі фитоним компонентті тұрақты тіркестер сұлулық, сәттілік / сәтсіздік, жастық, тілек, қиындық, шыдамдылық, құпиялық, адамның жақсы/жаман қасиеттерін бейнелейді. Француз тіліндегі тұрақты тіркестер адамның жақсы / жаман қасиеттерін, мінез-құлықтарын, әрекеттерін, адамның сұлулығын, жастық / кәрілікті, қиындықты, өлім / өмір, жаңару, мақтану сезімдерін бейнелейді.

Үш тілге ортақ мағыналық белгілерге адамның жақсы / жаман қасиеттері, мінез-құлықтары, әрекеттері, сұлулық, әсемдік, жастық шақ, қиындықты бейнелейтін фитоним фразеоло-

гизмдер жатады. Салғастырылып отырған үш тілдің айырым белгілеріне келетін болсақ, қазақ тілінде қарғыс мәнді фитоним фразеологизмдерді, молшылық / жоқшылық қарама-қарсы мәндес фитоним тұрақты тіркестерді айтуға болады. Ағылшын тілінде кездесетін сәттілік / сәтсіздік, құпиялық, шыдамдылық мағыналарындағы фитоним фразеологизмдер қазақ тілі мен француз тілінде кездеспеді. Француз тілінде ақылдылық, мақтану сезімі, махаббаттың, күннің, жұлдыз-

дың символы, жаңғыру, өзімшілдікті, тоғышарлықты бейнелейтін фразеологизмдер қазақ және ағылшын тілінен кездеспеді деп айтуға болады. Үш тілдегі ортақ белгілерге жалпыадамзаттық әмбебап сипат тән болса, айырым белгілер географиялық жағдай, өмір сүру салты, мәдениетіндегі, ұлттық дүниетаным ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Әрбір ұлт дүниені өзінше қабылдайды, қайта жаңғыртады және өзіндік дүние бейнесін жасайды, ол тілінен көрініс табады.

References

- Balli, Sh. (1961). *Francuzskaya stilistika* [French stylistics]. Moscow. (in Russian)
- Dusekova, K.K. (2020). *Frazeologicheskaya kartina mira francuzskogo i kazahskogo yazykov v komparativnom aspekte. Monografiya* [Phraseological picture of the world of the French and Kazakh languages in a comparative aspect. Monograph]. Almaty. (in Russian)
- Herderson, B.L.K. (2002). *A dictionary of English Idioms*. London.
- Issakova, S.S. (2015). *Smyslovye harakteristiki poslovic i pogovorok s komponentom chisel (na materiale kazahskogo i francuzskogo yazykov)* [Semantic characteristics of proverbs and sayings with the chisel component (on the Kazakh and French Uazykov material)]. *Voprosy kognitivnoj lingvistiki*. Vol. 2. P. 96-100. (in Russian)
- Issakova, S.S., Kultanbayeva, N.K., Tukhtarova, A.S., Zhetessova, Zh.A., Kartzhan, N.Ye. (2023). *Linguocultural Analysis of Ethnic Stereotypes in Humorous Discourse: A Comparative Analysis*. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*. Vol. 9(3). P. 33-47. <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.903004>
- Keñesbaev, I. (2007). *Qazaq tilinñ frazeologialyq sözdıgı* [Phraseological Dictionary of the Kazakh language]. Almaty. (in Kazakh)
- Keñesbaeva, Ü. (2010). *Ağylşynşa-qazaqşa frazeologialyq sözdık* [English-Kazakh dictionary of idioms]. Astana. (in Kazakh)
- Kunin, A.V. (1967). *Anglo-russkij frazeologicheskij slovar'* [English-Russian Phraseological Dictionary]. Vol. I-II. Moscow. (in Russian)
- Qaliev, B. (2012). *Ösimdik ataularynyñ sözdıgı* [Dictionary of plant names]. Almaty. (in Kazakh)
- Yartseva, V.N. (1990). *Lingvisticheskij enciklopedicheskij slovar'* [Linguistic Encyclopedic Dictionary]. Moscow. (in Russian)
- Makkai, A. (1972). *Idiom structure in English*. The Hague.
- Recker, Ya.I. (2004). *Teoriya perevoda i perevodcheskaya praktika. Ocherkilingvisticheskoy teorii perevoda* [Translation theory and translation practice. Essays on the linguistic theory of translation]. Moscow. (in Russian)
- Rey, A., Chantreau, S. (1991). *Dictionnaire des expressions et locutions (Part 1: A-H)*. Paris.
- Richard, S. (1998). *NTC's Thematic Dictionary of American Idioms*. Hardcover: Publisher. McGraw-Hill; 1 edition.
- Smirnova, N.S. (2003). *Zanimatel'nyj francuzsko-russkij frazeologicheskij slovar'* [Entertaining French-Russian phraseological dictionary]. Moscow. (in Russian)
- Teliya, V.N. (1996). *Russkaya Frazeologiya. Semanticheskij, pragmaticheskij i lingvokul'turologicheskij aspekty* [Russian Phraseology. Semantic, pragmatic and linguocultural aspects]. Moscow. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Исакова Сабир Сагынбековна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: sabira-i@yandex.ru).

Кенесов Есим Кабденович – PhD докторант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: ekenesov@mail.ru).

Исакова Асылымай Сагынбековна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті (Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: assylmay.issakova@yu.edu.kz).

Information about the authors:

Issakova Sabira Sagunbekovna – doctor of philological sciences, professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University (Kazakhstan, Aktobe, e-mail: sabira-i@yandex.ru).

Kenesov Esim Kabdenovich – PhD student, K. Zhubanov Aktobe Regional University, (Kazakhstan, Aktobe, e-mail: ekenesov@mail.ru).

Issakova Assylmay Sagunbekovna – candidate of philological sciences, associate professor, Sh. Yessenov Caspian University of Technology and Engineering (Kazakhstan, Aktau, e-mail: assylmay.issakova@yu.edu.kz).

Сведения об авторах:

Исакова Сабира Сагынбековна – доктор филологических наук, профессор, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова (Актобе, Казахстан, e-mail: sabira-i@yandex.ru);

Кенесов Есим Кабденович – PhD докторант, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова (Актобе, Казахстан, e-mail: ekenesov@mail.ru);

Исакова Асылымай Сагынбековна – кандидат филологических наук, доцент, Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова (Актау, Казахстан, e-mail: assylymay.issakova@yu.edu.kz).

Келіп түсті: 7 шілде 2025 жыл
Қабылданды: 23 қыркүйек 2025 жыл